

# Әлеуметтік жоба- ҰШҚЫН



# ҰШҚЫННЫҢ МАҚСАТЫ

- ❖ Көркем әдебиетке ынтық, шығармашылыққа талабы бар студенттердің басын қосу
- ❖ Студенттер арасында әдеби-шығармашылық орта қалыптастыру
- ❖ Қазіргі әдеби үдерістегі жаңалықтармен танысып, талдау, сараптама жасап отыру
- ❖ Студент-жастардың төл шығармаларымен танысып, талқылау
- ❖ Шығармашылықты енді бастап келе жатқан студент-жастарға бағыт-бағдар беру.

*"Талантты оқырман  
талантты әдебиет үшін  
күресу керек"*

*Тұрсынжан Шапай*

Бұл жоба 2015 жылдың желтоқсан айынан бастап өз жұмысын бастады.

Қазіргі таңда жастар арасында әлеуметтік желіде танымал топтардың қатарында.





Шабыт емес ақындарды  
терлеткен,  
Шумақтарды ізде тіпте жер-  
көктен,  
Талант тек бір пайызды құрайды  
Тоқсан тоғыз пайызы тек  
еңбектен !

Өлең жазған екеуінде үш күннің,  
Мұңын айтқан жүрек деген  
мүшкілдің,  
Келешекте болсын дейміз "шын  
ақын"  
"Ақынжанды" адамдары  
"Ұшқынның!"

Авторы: Есбол Омиртаев

# **контакте**

- \*Топтың жұмысын филология факультетінің 3 курс студенті – Рүстем Думан жүргізіп отыр.
- \*Қазіргі таңда Вконтакте желісінде 729 оқырманы бар.
- \*Осы уақытқа дейін Ана, Отан, Махаббат тақырыбында, тіліміздің қазіргі хәл-ақуалына байланысты студенттердің туындылары жарияланып отырды.
- \*Сонымен қатар афоризмдер, видеороликтер жарық көрді.

- \* Әдеби диалог
- Туылған жылың?
- Махаббат қызық мол жылдар.
- Ол кезде қандай заман еді?
- Қилы заман
- Мұнда қай жолмен келдің?
- Абай жолы
- Қалай келдің?
- Тар жол тайғақ кешіп
- Жолда кімдерді көрдің?
- Айман мен Шолпан
- Тағы кімді көрдің?
- Қамар сұлу
- Көргенде қандай күйде болдың?
- Аласапыран
- Қандай оқиғаға тап болдың?
- Қараш-қараш оқиғасы
- Көршің кім?
- Бақытсыз Жамал
- Ол басынан қандай күн өткізді?
- Ғасырдан да ұзақ күн
- Сүйіктіңнің есімі кім?
- Ботагөз
- Ол кім?
- Күйші
- Ол қазір не істеп жүр?

- Интернатта оқып жүр
- Алғаш танысқан мезгілің?
- Қоңыр күз еді
- Оңаша қалғанда оған не айтып бересің?
- Қырық мысал
- Үйленген кезінде не бердің?
- Қалың мал
- Оған хаттарыңды қай кезде жазушы едің?
- Аққулар ұйықтағанда
- Сен қандай азаматсың?
- Оқыған азамат
- Мойнындағы не?
- Шұғаның белгісі
- Ал мына жерінді не шаққан?
- Маса
- Өмірлік ұраның?
- Ғылым таппай мақтанба
- Болашақта кім болғың келеді?
- Миллионер
- Мына балаларға не айтасың?
- Кел балалар оқылық
- Танысып қоялық, есімің кім?
- Менің атым Қожа.

Айтжан Құрымғалиев







Instagram

- Ең танымал әлеуметтік желінің бірі-инстаграм.
- Ұшқын инстаграмдағы жұмысын осы жылдың қараша айында ғана бастады.
- Соған қармастан қазіргі таңда оқырман саны 338 адамды құрайды.

